

«БЕКІТЕМІН»
Тайтөбе ауылының
жалпы орта білім беретін
мектебінің КММ директоры

Г.С. Алиева



« 31 »

2026 ЖЫЛ

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ПЕДАГОГ-ЛОГОПЕДТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мұғалім-логопед: Аташова Райхан Т.

2026–2027 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Жалпы білім беру мекемелеріндегі әртүрлі сөйлеу бұзылыстары бар білім алушылармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары білім беру және тәрбиелеу жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Логопедиялық және түзете-педагогикалық ықпал ету арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды түзету, олардың оқу үдерісінде кездесетін қиындықтарын азайту және білім алушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау көзделеді.

Қойылған мақсаттарға жеке және топтық логопедиялық сабақтар өткізу, сондай-ақ сынып жетекшілерімен, педагогтермен, психологпен, дефектологпен және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру арқылы қол жеткізіледі.

Түзету жұмыстары барысында оқушылардың жеке ерекшеліктері, сөйлеу тілінің бұзылу деңгейі және жас ерекшеліктері ескеріледі. Оқушылардың дұрыс сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім беру, тәрбиелік және түзете-дамыту әдістері жүйелі түрде қолданылады.

Мақсаты:

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушыларға логопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру, сөйлеу тілінің бұзылыстарының алдын алу және түзету жұмыстарын жүргізу.

Міндеттері

- Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушыларға диагностикалық тексеру жүргізу.
- Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушылармен жүйелі түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу.
- Оқушылардың дұрыс дыбыстау, сөздік қор, байланыстырып сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру.
- Сөйлеу тілінің бұзылыстарының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру.
- Оқушылардың танымдық және тілдік қабілеттерін дамыту.
- Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал ету.
- Мұғалімдермен, психологпен, дефектологпен және ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізу.
- Түзету жұмыстарының нәтижесін жүйелі түрде бақылау және талдау.

ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Жұмыс бағыты	Жұмыс түрі	Кіммен жүргізіледі	Мерзімі
1	Әдістемелік- ұйымдастырушылық	Оқушыларды жалпы бақылау, логопед көмегін қажет ететін оқушылар санын анықтау.	Оқушылармен	Қыркүйек
		Әр оқушыға жеке сөйлеу картасын толтыру, жеке дамыту бағдарламасын және сабақ жоспарын құру.	Логопед	Қыркүйек
		Жеке және топтық жұмыстардың оқу жылына арналған жылдық және перспективалық жоспарларын әзірлеу.	Логопед	Қыркүйек
		2026–2027 оқу жылында логопедиялық түзету сабақтарына бекітілген оқушылардың сабақ кестесін құру.	Оқушылармен	Қыркүйек
		Тіркеуге алынған оқушылардың сөйлеу тілінің даму динамикасын жүйелі бақылау.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Сабақ барысында қолданылатын әдістемелік және көрнекі құралдарды жүйелеу және жинақтау.	Логопед	Оқу жылы бойы
		Оқушылардың тіл кемістігін түзетуге қажетті білім мен дағдыларды меңгеруін қадағалау.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Логопедиялық сабақтар барысында заманауи педагогикалық технологияларды қолдану.	Логопед	Оқу жылы бойы
		Іс қағаздарының, сөйлеу карталарының және журналдардың уақтылы әрі дұрыс толтырылуын қадағалау.	Логопед	Оқу жылы бойы

		Жылдық жұмыстың қорытындысын шығару және жүргізілген жұмыстарды талдау.	Логопед, мұғалім, дефектолог, психолог	Мамыр
2	Түзету бағыты	Түзету жұмысының бағытын оқушының жеке қажеттілігіне қарай өзгерту және толықтыру.	Логопед	Қажеттілігіне қарай
		ПМПК мамандарымен оқушыларға түзетедамыту сабақтарын жүргізу барысында байланыста болу, тәжірибе алмасу.	Логопед, ПМПК мамандары	Оқу жылы бойы
		Артикуляциялық гимнастика кешендерін жүйелі түрде қолдану.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Дыбыстарды дұрыс айтуға дайындау, дыбыстарды қою, автоматтандыру және бекіту жұмыстарын жүргізу.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Фонематикалық есту мен қабылдауды дамыту.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Сөздік қорын молайту және грамматикалық құрылымды қалыптастыру.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Оқу және жазу дағдыларындағы қиындықтарды түзетуге бағытталған жұмыстар жүргізу.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Логопедиялық ырғақ (ритмика) элементтерін қолдану арқылы сөйлеу тілін түзету.	Оқушылармен	Қаңтар
		Шағын топтық және топтық түзетедамыту сабақтарын ұйымдастыру.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Жеке түзетедамыту сабақтарын жүйелі өткізу.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Жыл соңында логопедиялық қорытынды жасау.	Оқушылармен	Мамыр

3	Мұғаліммен жұмыс	Сынып жетекшілерімен бірлесіп оқушылардың сөйлеу тіліндегі, оқу және жазу дағдыларындағы бұзылыстарды анықтау.	Сынып жетекшілері	Қазан
		Оқушылардың сөйлеу ерекшеліктері туралы педагогтерге қажетті ақпарат беру.	Мұғалімдер	Оқу жылы бойы
		Логопедия мәселелері бойынша жеке және топтық кеңестер беру.	Мұғалімдер, дефектолог, психолог	Оқу жылы бойы
		Оқушыларға үй тапсырмасын орындау және сөйлеу дағдыларын бекіту бойынша ұсыныстар беру.	Мұғалімдер	Оқу жылы бойы
		Түзету жұмыстарының нәтижелері туралы педагогтермен кері байланыс жүргізу.	Мұғалімдер	Оқу жылы бойы
4	Ата-анамен жұмыс	Оқушыға жүргізілетін түзету жұмыстары туралы ата-аналарды хабардар ету.	Ата-аналар	Қыркүйек–қазан
		Ата-аналарға үй жағдайында жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарын түсіндіру және үйрету.	Ата-аналар	Оқу жылы бойы
		Баланың сөйлеу тілін дамытуға арналған үй тапсырмаларын орындау бойынша кеңес беру.	Ата-аналар	Оқу жылы бойы
		Оқушыларды түзете-дамыта оқыту бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде қысқаша ақпарат беру.	Ата-аналар	Оқу жылы бойы
		Ата-аналарды логопедиялық жұмыстың нәтижелерімен таныстыру.	Ата-аналар	Сәуір
		Оқу жылы соңында жүргізілген түзету жұмыстарының нәтижелері туралы қорытынды ақпарат беру.	Ата-аналар	Мамыр

		Қажеттілігіне қарай жеке кеңес беру.	Ата-аналар	Оқу жылы бойы
5	Диагностикалық бағыт	Оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін бастапқы диагностикалық тексеру.	Оқушылармен	Қыркүйек
		Сөйлеу тілінің дыбыстық жағын тексеру.	Оқушылармен	Қыркүйек
		Фонематикалық есту мен қабылдауды тексеру.	Оқушылармен	Қыркүйек
		Сөздік қоры мен грамматикалық құрылымының қалыптасу деңгейін анықтау.	Оқушылармен	Қыркүйек
		Байланыстырып сөйлеу деңгейін анықтау.	Оқушылармен	Қыркүйек
		Оқу және жазу дағдыларын диагностикалау.	Оқушылармен	Қыркүйек
		Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушыларды есепке қою және журналға тіркеу.	Оқушылармен	Қыркүйек
		Түзету жұмыстары барысында оқушылардың сөйлеу тілінің даму динамикасын бақылау.	Оқушылармен	Оқу жылы бойы
		Қорытынды диагностикалық тексеру жүргізу.	Оқушылармен	Мамыр
		Диагностикалық тексеру нәтижелері бойынша логопедиялық қорытынды жасау.	Логопед	Мамыр

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

- Оқу жылының соңында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушылардың:
- дыбыстарды дұрыс айту дағдылары қалыптасады;
- фонематикалық есту және қабылдау қабілеттері дамиды;
- сөздік қоры молаяды;
- грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеу дағдылары жетіледі;
- байланыстырып сөйлеу қабілеті дамиды;
- оқу және жазу дағдыларындағы қиындықтары азаяды;
- сөйлеу тілін күнделікті қарым-қатынаста дұрыс қолдану дағдылары қалыптасады;
- әлеуметтік ортаға бейімделуі жақсарады.